

А.Ә. Нұрашева¹

¹Алматы университеті, Алматы, Қазақстан

ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДА ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ

Андатпа. Мақалада оқулықтағы есептер жүйесін қазақтың байырғы қара есептерімен математика тарауларының жеке тақырыптарын оқу барысында, тәрбиелік мақсатта толықтырып, сонымен қатар, есеп құрастыруды тәрбиенің қуатты құралына айналдыру үшін салт-дәстүр мен тарихи деректерді білуді есеп шешімі табылуының қажетті шартына айналдыру идеясы негізделген. Халық педагогикасының құндылықтарын тиімді пайдалану негізінде математиканы оқыту моделі құрастырылған.

Түйін сөздер: халық педагогикасы, құндылықтар, ұлттық тәрбие, салт-дәстүр, байырғы есептер.

Аннотация. Статья основана на идее преобразования системы исчисления в учебнике с традиционными древними задачами казахского народа в отдельных разделах математики в образовательных целях, а также превращения традиций и исторических данных в необходимое условие для решения проблемы в образовательных целях, а также превращения решения проблемы в мощный образовательный инструмент. Разработана модель преподавания математики, основанная на рациональном использовании ценностей народной педагогики.

Ключевые слова: народная педагогика, ценности, национальное образование, обычаи, древние задачи.

Abstract. The article is based on the idea of transforming the calculus system in the textbook with the traditional ancient tasks of the Kazakh people in separate sections of mathematics for educational purposes, as well as turning traditions and historical data into a necessary condition for solving the problem for educational purposes, as well as turning the solution of the problem into a powerful educational tool. A model of teaching mathematics is developed, based on the rational use of the values of folk pedagogy.

Keywords: folk pedagogy, values, national education, customs, ancient tasks.

Халықтық салт-дәстүр негізінде берілетін білім мен тәрбиенің негізгі мақсаты – жастардың салт-дәстүрге деген көзқарасын, санасын,

құрметін қалыптастырып, ұлтқа, елге деген парасаттылық, жауапкершілік қарым-қатынасын тудыру. Халықтық салт-дәстүр негізінде тәрбие мен білім беру – көп сатылы үрдіс. Біріншіден, өскелең ұрпақтың қоғамға әсер ету ортасындағы білімінің ғылыми-педагогикалық жүйесіне негізделеді. Екіншіден, жеке тұлғаның адамгершілік, ізеттілік дүниетанымын тәрбиелейді. Үшіншіден, сапалы білім мен тәрбиенің белсенді түрде жүзеге асуына ықпал етеді.


Этнопедагогика материалдарын оқу-тәрбиелік процесте қолдану сауалдарына байланысты зерттеулер жоқ емес. Оның ішінде: ұлттық педагогика негізінде оқу-тәрбие ісін ұйымдастыру және Қазақстанда математикалық білім беру тарихы мен оның материалдарын педагогикалық процесте пайдалану сауалдары С. Елубаев, С. Қалиев, Қ.Ж. Қожахметова, С.А. Ұзақбаева, Қ. Нұрсұлтанов, Ә. Табылдиев, еңбектерінде терең зерттелген. Халық педагогика құндылығын білім мазмұны арқылы асырудың теориялық негізінің бір тұғыры ол – ұлттық сана-сезімді оятуы, қазақ халқының жаһандану кеңістігінде өзінің ұлттық болмысын сақтап қалуы [1], [2], [3], [4].

Бала тәрбиелеудегі ежелден қалыптасқан салт-дәстүрлерімізді кешенді түрде жаңғыртып, орта мектепте өтілетін барлық пәндердің мазмұнына енгізудің жолын қарастыру қажеттілігін елдегі ғалым-педагогтар мойындап отыр. Осы тұрғыдан, халық педагогикасы «толқынында» құрастырылған математиканы оқытудың қолданбалық және тәрбиелік бағытын күшейтуді нақты педагогикалық процесте іске асырудың мүмкіншілігі бола алады.



Сурет 1. Халық педагогикасының элементтерін тәрбие жұмысына енгізу

Қосымша есептер құрастырудың мақсаттарының бірі ол – математиканы гуманизациялауды іс жүзінде ұйымдастыру екенін ескерсек және салт-дәстүр, тарихпен қатар, халықтың рухани дамуында ерекше орын алатын туыстық қатынас сияқты құбылыс, «адам-табиғат» қатынасы сияқты құбылыстарды ұстаз жадында сақтап, оларды шәкірт санасына жеткізуді математика құралдарымен жандандырса, білімді математикаландыру ісі де жанданатыны сөзсіз [5].



Сурет 2 – Халық педагогикасының құндылықтарын тиімді пайдалану негізінде математиканы оқыту моделі

Жоғарыда ұсынған оқыту моделімізде халық педагогикасының құндылықтарын тиімді пайдаланудың шарттары айқын көрсетілген. Осы шарттарды орнымен орындайтын болсақ, оқушылардың бойына ұлттық мінезді қалыптастырамыз. Ұлттық мінез адам мінезінен, іс-әрекетінен көрінетін тұрақты құбылыс. Ұлттық мінез осы ұлтқа тән темпераменттік, психикалық рухани сапасымен ерекшеленіп көзге түседі [6].

Математиканы оқытудың тәрбиелік және қолданбалық бағытын күшейту мақсатында оқулықтағы есептер жүйесін қосымша есептермен толықтыру үшін, халықтық педагогика негізінде мәселе есептердің жаңа түрлері құрастырылуы қажет. Оқу процесінде қолданылатын қосымша есептер жүйесінің құраушылары тәрбиелік мақсаттарға сай іріктелсе, оқушының есеп құрауға қызығушылығы оянып, нәтижесінде оқушы ұлттық педагогика әсеріне түсіп қана қоймай, ол үшін құрастырғалы тұрған есептің математикалық мазмұнын жетік білу қажеттілігі пайда болады.

Көпшілік қауым үшін абстрактілі болып саналатын математиканы түсініп, меңгеруде әдебиеттің мүмкіншіліктерін әңгіме есептерден байқауға болады. Әңгіме есептердің басты мақсаты ол – математика ғылымына есептер арқылы басқаша көзқарасты қалыптастыру, өмірдегі құбылыстардың «математикасын» көре білу, Я.И. Перельманның сөзімен айтқанда: «тірі математикаға» жол ашу болып табылады [7].

Негізгі бетбұрыс оқушы білімінің сапасын арттыру, яғни білімін нақты бағалай отырып, сыныптағы оқушылардың бәрінің толық үлгерімге жетісуін қамтамасыз ету. Оқушы білімінің сапасы дегеніміз түпкі нәтижені көре білу, яғни оқушыға берген біліміміздің қайтарымын көру. Ол үшін сыныптағы оқушылардың барлығын қызықтыра отырып ұйымдастыру қажет. Бес саусақ бірдей емес. Бұдан шығатын қорытынды әр оқушының сабаққа қызығушылығы оның дүниетанымына даму ерекшелігіне байланысты. Сондықтан деңгейлі топтарға әр түрлі талап деңгейіне ықпал ету білім сапасын арттыруда ерекше роль атқарады.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасының этно-мәдени білім беру Тұжырымдамасында «бізге қажетті – жаны да, қаны да қазақы, халықтың тілі мен дінін, тарихы мен салт дәстүрін бойына сіңірген, туған жерін түлетуді, егемен елдің еңсесін көтеруді азаматтық парызым деп ұғатын ұрпақ тәрбиелеу» деп атап көрсеткендей, егемен еліміздің елдігі мен бірлігін сақтайтын ұрпақ тәрбиелеу – қазіргі мектеп алдындағы негізгі міндеттерінің бірі ғана емес, бірегейі демекпіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Ұзақбаева С.А., Кожаметова К.Ж. Использование материалов казахской этнопедагогике при изучении педагогических дисциплин, 1997. – 81 с.

- 2 Нурсултанов К. Очерк истории математических знаний в Казахстане и вопросы использования ее материалов в педагогическом процессе казахской школы : Дисс. ...к.п.н. – Алматы, 1974 – 190 с.
- 3 Табылдиев Ә. Халық тағылымы: Жаңылтпаш. Санамақ. Жұмбақ, Мақал-Мәтел. Терме. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 200 б.
- 4 Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі: Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1995. – 352 б.
- 5 Елубаев С. Қазақтың байырғы қара есептері. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 144 б.
- 6 Байсарина С.С. Ұлттық дәстүрлерді оқу үрдісінде қолданайық // Қазақстан мектебі. – Алматы, 2005. – №7. – 164-166 бб.
- 7 Перельман Я.И. Живая математика. Математические рассказы и головоломки.-М.: Издательство Русанова, 1994. – 206 с.

Форматы 70×100 1/16. 146.т.
Таралымы 300 дана

С. Демирел атындағы университеттің хабаршысы
Абылайханкөшесі, 1/1
Алматы облысы, Қаскелең қаласы
040900, Қазақстан
Тел.: +7 727 307 95 60 (іш.236)
Факс: +7 727 307 95 58
e-mail: info@sdu.edu.kz

Format 70×100 1/16. 14 p.'s sh.
Edition 300 copies

The editorial office of the scientific journal
Suleyman Demirel University
1/1 Abylai Khan Street, Kaskelen
Kazakhstan, 040900
Tel: +7 727 307 95 60 (ext.236)
Fax: +7 727 307 95 58
info@sdu.edu.kz